

Қазақта Әлшекейдей күйші өткен...

Күйші, композитор Әлшекей Бектібайұлының 170 жылдығына

Болса да тыңдаушысы алқалаған,
Заманның ауыр жүгін арқалаған.
Қазақта Әлшекейдей күйші өткен
Іштегі қайғы-шері тарқамаған!

Тағдырдың аз болмапты салған жүгі,
Күйіне арқау болған арман-мұңы.
Өртейтін өзегіңді өкініш сол –
Жете алмай туған жерге қалғандығы.

Көз салсақ кер заманның кекті ізіне,
Құрықты салған екен тектімізге!
Күйлері Әлшекейдің өлмейтұғын
Мәңгілік мұра болып жетті бізге!

Елінің иек артса айбынына,
Кешегі ұмыттырар қайғыны да.
«Тайшұбар» келді және «Қаражорға»,
Оралды «Аққуы» да айдынына!

Ей, өнер, сен адамның бағымысың?
Шығатын мұң мен шері жарып ішін?!
«Толқынға» кеткен екен қайран күйші
Сыйғызып туған елге сағынышын!..

...Көк майса құлпырғандай қырда тағы,
Көз жасын ұрпағының құрғатады.
Пернеге қолың тисе,
Тірімен деп
Жүрегі Әлшекейдің тіл қатады!

Құлаған терек орнын тал басады,
Ұрпақтар бір-бірімен алмасады...
Ел барда Әлшекейдің күй мұрасы
Ғасырдан ғасырларға жалғасады!!!

**Айбатыр СЕЙТАҚ,
10 сәуір 2017 жыл
АСТАНА**